



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

8D03105 - Психология

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Бәсекеге қабілетті білім беру ортасындағы қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдап шеше алатын, педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін табысты жүзеге асыра алатын, психология бойынша терең білім мен ғылыми зерттеулер әдіснамасын меңгерген психологтарды даярлау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- білім беру, денсаулық сақтау, спорт
- өндіріс, бизнес
- ғылыми қызмет

ОҚУ НӘТИЖЕСІ (ОН)

ОН1 - қазіргі заманғы әлемдік және отандық психология ғылымы мен тәжірибесінің мәселелері мен даму перспективаларын талдайды және анықтайды;

ОН2 - жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелерін талдайды, анықтайды және қорытады; теориялық және әдіснамалық талдау дағдыларын пайдаланады, ғылыми зерттеу және әлеуметтік өзара әрекеттестік міндеттерін шешу үшін академиялық хаттың нысандарын, ерекшеліктерін қолданады, иеленеді;

ОН3 - жеке тұлғаның және әлеуметтік топтардың өзекті психологиялық мәселелерін анықтайды, талдайды және негіздейді; ғылыми зерттеу тақырыбы шеңберінде тәжірибелік жұмыс жүргізеді.

ОН4 - ғылыми таным және психологиялық ғылым мен практиканың дамуындағы заманауи үрдістерді талдайды; педагогикалық және зерттеу тәжірибесінде психологиялық ғылым мен лекциялар жазу практикасының даму тенденциялары туралы алған білімдерін жүзеге асырады, семинарлық сабақ мазмұнын құрастырады, ЖОО-да психологиялық пәндерді оқыту әдістемесін қолданады.

ОН5 - ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру негіздерін меңгереді, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру түрлері, мақсаттары, тәсілдері мен әдістерін, психика мен тұлғаны диагностикалаудың технологиялары мен принциптерін қолданады, ғылыми зерттеу әдістерін, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесін талдау технологиясының математикалық статистикасының әдістерін қолданады.

ОН6 - кәсіби психодиагностикалық және психометриялық құралдарды пайдалана отырып, кәсіби этика принциптерін сақтап, тұлғаның психологиялық жағдайы мен қасиеттерін, сапаларын, психикалық үдерістердің ерекшеліктері мен динамикасын болжау және диагностикалау әдістерін практикада жүзеге асырады;

ОН7 - тұлға дамуының концепциялары мен теорияларын талдайды, психика мен тұлғаны ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасын негіздейді; сараптамалық-аналитикалық және ғылыми-зерттеу қызметінің кешенді құралдарын меңгереді.

ОН8 - зерттеу мен практикалық міндеттерді шешу үшін мамандық бойынша білімдерді және пәнаралық білімді синтездейді, жалпылайды, қорытындыларды дәлелдейді, өз білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және кең жұртшылыққа хабарлайды; психология саласындағы жаңа ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу процесіне енгізеді.